

UNION INTERNATIONAL DE PENTATHLON MODERN

**ҚАЗІРГІ БЕССАЙЫС
ЖАРЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

МАЗМУНЫ

ҚАЗІРГІ БЕССАЙЫС.

ЕРЕЖЕЛЕР.

Аббревиатуралар

CISM Conseil Internationale de Sport Militaire (Әскери спорттың халықаралық одағы)

EB Executive Board (атқарушы комитет)

FOP Field of play (ойын алаңы)

HQ (бас кеңсе – бас басқарма)

IJ – халықаралық төрешілер

IOC МОК

LOC жергілікті ұйымдастыру комитеті

Mins минуттар

MD медициналық делегация

NF ұлттық федерация

NOCs ұлттық олимпиада комитеттері

NTOs ұлттық техникалық қадағалаушылар

PWR бессайыстың әлемдік рейтингі

SG бас хатшы

TC техникалық комитет

TD техникалық делегация

TM техникалық жиналыс

UIPM қазіргі бессайыстың халықаралық одағы

1. Негізгі ережелер

1.1. Қолдану саласы

Осы ережелер UIPM барлық ресми жарыстарының «А» және «В» санаттарында қолданылуы тиіс және «С» санатындағы жарыстарда қолдануға ұсынылады.

1.2. Жарыстардың санаттары:

1.2.1. UIPM қазіргі бессайыстың ресми жарыстары мынадай топталады:

А санаты – олимпиада ойындары, әлем чемпионаттары, құрлық чемпионаттары, әлем кубоктарының кезеңдері және финалы, чемпиондар кубогы, CISM чемпионаттары;

В санаты – аймақтық чемпионаттар, Еуропа кубоктары, ардагерлер арасындағы Әлем және Құрлық чемпионаттары және әлемдік рейтингтегі басқа жарыстар;

С санаты – басқа халықаралық жарыстар және UIPM мүше федерациялармен тікелей немесе жанама түрде ұйымдастырылған чемпионаттар.

- 1.2.2. «А» және «В» санаттарындағы жарыстар UIPM техникалық делегаттары мен ұлттық техникалық қадағалаушыларының міндетті бақылауына жатады.
- 1.2.3. «А» санатындағы жарыстардың ережесі сонымен қатар Олимпиада ойындары мен жасөспірімдердің Олимпиада ойындарында қолданылады, өйткені олар әрбір Олимпиада ойындары мен жасөспірімдердің Олимпиада ойындарынан кейін UIPM атқарушы комитеті мен ХОК атқарушы комитетінің арасында келісілген Олимпиада ойындарының классификация ережелеріне қарама-қайшы келмейді.
- 1.2.4. Жарыс «С» санатындағы болып есептелуі үшін жергілікті ұйымдастыру комитеті бір немесе бірнеше басқа ұлттық федерацияларды оған қатысуға шақыруы тиіс.

1.3. **Жарыстардың форматы**

- 1.3.1. UIPM ресми жарыстары тәртіп бойынша барлық бес кезең бір күні, бір орында, бір-бірінен қадамдық жақындықта өткізілетіндей ұйымдастырылған. Сонымен қатар жеке классификация үшін қазіргі бессайыстың ұпайларды есептеу жүйесін пайдалана отырып, командалық классификация өткізіледі.
- 1.3.2. «В» және «С» санатындағы жарыстар бір немесе екі, егер ат жарысына екі күн берілсе, ерекше жағдайларда – үш күн ішінде өткізіледі. Бессайыстың екі немесе үш түрінен тұратын жасөспірімдердің жарыстары бір күн ішінде, ал жарыстардың төрт немесе барлық бес түрінен тұратындары екі күн ішінде өткізіледі. Ардагерлер арасындағы жарыстар әдетте екі күн ішінде өткізіледі.
- 1.3.3. Эстафета – бұл бір күндік жарыс. «А» санатындағы жарыстарда ерлер эстафетасы бірінші күні, ал әйелдер эстафетасы екінші күні өткізіледі.

- 1.3.4. UIPM атқарушы комитетімен мақұлданған жарыстарда бес түрі немесе олардың кейбіреулері тікелей бірінен соң бірі жүреді. Осылайша, ұпайлар немесе озық жалпы уақыт жеңімпазды анықтайды. Жүгіру мен ату құрама кезең ретінде өткізіледі.
- 1.3.5. «А» санатындағы жарыстардан басқа барлық жарыстарда ерлер мен әйелдер бірге жарысады.

1.4. **Жас ерекшеліктері бойынша топтар**

- 1.4.1. Егер өзгеше айқындалмаса, осы ережелер барлық жас ерекшеліктеріндегі топтарда – ересектер, жасөспірімдер, кадеттер мен ардагерлер, сондай-ақ ерлер мен әйелдер тобына қолданылады.
- 1.4.2. Жас ерекшеліктері бойынша топтардың тізбесі:

10 жас және төмен	Кадеттер E
11-12 жас	Кадеттер D
13-14 жас	Кадеттер C
15-16 жас	Кадеттер B
17-18 жас	Кадеттер A
19-21 жас	Жасөспірімдер
22 және жоғары	Ересектер
30-39 жас	Ардагерлер 30-39
40-49 жас	Ардагерлер 40-49
50-59 жас	Ардагерлер 50-59
60-69 жас	Ардагерлер 60-69
70-79 жас	Ардагерлер 70-79
80 және жоғары	Ардагерлер 80+

- 1.4.3. Бессайысшының жасын анықтау үшін жарыс өткізілетін жылдан оның туған жылы шегеріледі. Айлар мен күндер есепке алынбайды (Мысалы, жарыс жылы – 2003, туған жылы – 1980, бессайысшының жасы – 23 жаста). Бессайысшының ол жататын топтан кейін жүретін ересектер тобында жарысуға құқығы бар. Бұл ережені ардагерлер арасындағы жарыстарда қолдануға болмайды. Құзыретті ұлттық инстанцияның рұқсатымен бессайысшы кез келген ересектер тобында қатыса алады.

1.5. **Жарыстардың бес түрі**

Қазіргі бессайыс бойынша жарыстардың бес түрі

Жеке есеп

Эстафета

СЕМСЕРЛЕСУ

Электрификацияланған
сапы

Бірыңғай пұл

D + E
кадеттері сапының
3-ші өлшемін
қолдана алады. Бір
минуттың ішінде
бір шешуші шаншу

Эстафета кестесі:

«X»1 қарсы «У»1

«X»2 қарсы «У»2

«X»3 қарсы «У»3

Шайқастар саны
командалардың
санына байланысты

ЖҮЗУ

ЕРКІН СТИЛЬ

200м: ересектер,
жасөспірімдер,

A және B
кадеттері;

3x100м: ересектер,
жасөспірімдер,

A және B кадеттері;

100м: C кадеттері,
B

30-69 ардагерлері;

3x50м: C кадеттері,
ардагерлер

3x25м: D және E
кадеттері

50м: D және E
кадеттері, 70+
ардагерлер

2x100м: ересектер,
жасөспірімдер,

A және B кадеттері

АТПЕН САЛТ ЖҮРУ

Конкур

Жылдамдығы

350м/мин – жабық үй-
жайда

300м/мин

Атпен салт жүру
классификация
жарыстарында да,
жасөспірімдер
жарыстарында да
өткізілмейді.

«А» және «В»
санаттары-

12 кедергі,
маршрут

350-450м;

Ардагерлер 60-69:
8 кедергі, маршрут
350м

Олимпиада
ойындары,

әлем чемпионаттары,

Еуропа
чемпионаттары,
CISM

чемпионаттары: 2
немесе 3 атта 2
немесе 3
бессайысшының
қатысуымен
эстафета:

9 кедергі,

Міндетті маршрут 3

немесе 2х350м
(комбинациясыз)

UIPM барлық басқа
ресми
жарыстарында:
командаға бір ат:
6 кедергі және
ықтимал

маршрут 3х200м

(комбинациясыз)

Ату + жарыс (комбайн)

Гандикап жүйесі
бойынша мәре/ кез
келген жабын
Пневматикалық
пистолет

5калибр 4,5мм/,177
калибр,

Қашықтық 10м

Ересектер,
жасөспірімдер
және кадеттер

Ересектер,
жасөспірімдер және
кадеттер

А, ерлер мен
әйелдер

А және В ерлер мен
әйелдер

5 нысана (уақытша

5 нысана (уақытша

лимит 1'10);

лимит 1'10);

1000м жүгіру

1000м жүгіру

5 нысана (уақытша

5 нысана (уақытша

лимит 1'10);

лимит 1'10);

1000м жүгіру

1000м жүгіру әрбір

5 нысана (уақытша

екі немесе үш

бессайысшы үшін

лимит 1'10);

1000м жүгіру

В кадеттер, ер
балалар мен қыз
балалар

5 нысана (уақытша

лимит 1'10);

1000м жүгіру

5 нысана (уақытша

лимит 1'10);

1000м жүгіру

- 1.5.1. А кадеттерінің жарыстарында төрт түр (атқа салт мінуден басқа) міндетті болып саналады. В кадеттері үшін жүзу мен комбайн міндетті. Жасөспірімдер жарыстарының барлық басқа түрлері үшін тек жүзу мен жүгіру ғана міндетті болып саналады. Жергілікті ұйымдастыру комитеті өз қалауы бойынша бір немесе бірнеше түрлерді қосымша қоса алады.
- 1.5.2. В кадеттерінің жарыстарында жүзудің кіші топтарын жүзушілердің уақытының негізінде құрастырады. Жүзу мен комбайн кезеңдерінде осы ережелер ерлер мен әйелдер үшін толығымен қолданылады. Топтық жарыс болған жағдайда бір топта ең көп дегенде 20 спортшы қатыса алады.
- 1.6. **Бессайыс түрлерін өткізу кезектілігі**
- 1.6.1. «А» санатындағы жарыстардың финалдарында түрлердің кезектілігі мынадай болуға тиіс:
 - семсерлесу
 - жүзу
 - атпен салт жүру
 - комбайн (әрқашан гандикап жүйесі бойынша басталады, кейбір жасөспірімдердің жарыстарында сонымен қатар жалпы старт болуы мүмкін).
- 1.6.2. «А» санатындағы жарыстардың финалдарына классификацияларда және барлық басқа жарыстарда түрлердің реті Жергілікті ұйымдастыру комитетінің қажеттілігіне байланысты өзгертілуі мүмкін. «А» санатындағы жарыстардың финалдарына классификацияларда комбайн соңғы кезең болуы тиіс.
- 1.6.3. Жергілікті ұйымдастыру комитеті бессайысшыларды жарыстың әрбір кезеңінің алдында жаттығып алуы үшін қажетті уақыт

мөлшерімен қамтамасыз етуге міндетті, атап айтқанда: семсерлесу-30 мин., жүзу – 20 мин, атқа салт міну – 20 мин., комбайн – 25 мин+5 мин дайындыққа. Жарыстардың финалдарында жаттығуға арналған алаңға тек финалға өткен қатысушылар ғана жіберіледі.

- 1.6.4. Марапаттау рәсімі финалдық түр аяқталған соң, келіспеушіліктің болуына қарамастан мүмкіндігінше тезірек өткізіледі. «А» санатындағы жарыстарда Жергілікті ұйымдастыру комитеті жарыстың жеңімпазы болған елдің туын көтеріп, әнұранын ойнатуға міндетті.

1.7. **Жарыстардың түрлері**

1.7.1. **«А» санатындағы UIPM жарыстары**

- 1) **Олимпиада ойындары және жасөспірімдердің Олимпиада ойындары**
- 2) **UIPM әлем чемпионаты**

UIPM әлем чемпионаттары жыл сайын ересектер, жасөспірімдер және А кадеттері үшін жеке және командалық есепте өткізіледі. Ересектер мен жасөспірімдерге арналған әлем чемпионаттары 15 шілдеден бастап тамыздың бірінші аптасына дейінгі кезеңде, А кадеттері үшін 20 тамыздан бастап 5 қыркүйекке дейінгі кезеңде өткізілуі тиіс. Ардагерлер арасындағы Әлем чемпионатын өткізу мерзімдерін UIPM ардагерлер комитеті айқындайды.

3) **Әлем кубоктары**

Жыл сайын 4-8 ай аралығында әлем кубоктары мен әлем кубогы финалының 4-6 кезеңдері ұйымдастырылады, олардың барлығы бірге Әлем кубогының «Бас жүлдесі» деп аталады. Бұл жарыстар мүмкіндігінше әр түрлі құрлықтарда өткізіледі. Әрбір Ұлттық федерация Әлем кубогының финалына қоса жыл сайын ерлерге арналған Әлем кубогының бір кезеңін және әйелдерге арналған бір кезеңін ғана ұйымдастыра алады.

4) **Құрлықтардың чемпионаттары**

UIPM әрбір құрлықтық конфедерациясының құрлықтық чемпионат ұйымдастыруға құқығы бар. Ересектердің, жасөспірімдердің А және В кадеттерінің жарыстарында эстафета соңғы болуы тиіс. Эстафеталарға командалар жеке жарыстардың қорытындылары бойынша Ұлттық Федерацияның командалық рейтингісінің негізінде құрастырылады. Құрлықтық

чемпионаттардың жеке есептерінде В кадеттерінің арасында төрт бессайысшы жарыса алады, бірақ команда үш спортшыдан тұрады. В кадеттері үшін құрлықтық чемпионаттар ең жоғары деңгейдегі жарыс болып саналады. UIPM конфедерациясы ұйымдастырған басқа аймақтық жарыстар сияқты құрлықтық чемпионаттарға UIPM ережесі таратылады және осы жарыстар UIPM жыл сайынғы күнтізбесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

5) **Чемпиондар кубогы**

Чемпиондар кубогы жеке есепте жылына бір рет өткізіледі. Бұл міндетті түрде маусымдағы соңғы жарыс. UIPM қатысушыларды белгілі өлшемдерге сәйкес шақырады.

6) **CISM әлем чемпионаттары**

1.7.2. **UIPM «В» санатындағы жарыстары**

1) **әлемдік рейтингтегі жарыстар**

Әлемдік деңгейдегі жарыстар – түрлі жас ерекшеліктері үшін ұйымдастырылған және талаптарға сәйкес келетін барлық қатысушылар үшін ашық болып табылатын халықаралық жарыстар. Жарыстар UIPM ережесіне бағынады және UIPM техникалық делегатының/ Ұлттық 7 техникалық қадағалаушылардың қадағалауында болады. Олар UIPM жыл сайынғы күнтізбесіне енгізілуі тиіс, олардың нәтижелері бессайыстың Әлемдік рейтингінде есепке алынады.

2) **Аймақтық жарыстар**, аймақтық жарыстар дегеніміз UIPM мүше федерацияның біреуінен артық аумақты алатын жарыстар.

3) **Еуропа кубогының циклы**

Жасөспірімдер және 23 жасқа дейінгі ересектер үшін үш жыл сайынғы іс-шара ұйымдастырылуы мүмкін; цикл қорытындысы бойынша нәтижелердің екі түрі есептелінеді – барлық санаттар бойынша және тек жасөспірімдер санаты үшін.

1.7.3. **UIPM «С» санатындағы жарыстар**

Бұл санат мынадай жарыстардан тұрады:

- 1) ашық ұлттық жарыстар
- 2) ардагерлер жарыстары
- 3) бессайыстың екі түрінен тұратын жарыстар
- 4) кейбір жасөспірімдер жарыстары.

1.8. UIPM жарыстарына қатысуға өтінім

1.8.1 UIPM Әлем чемпионаттарына, әлем кубогының финалына, әлем кубогының кезеңдеріне және чемпиондар кубогына қатысуға өтінімді UIPM Ұлттық федерациялары UIPM бас кеңсесі арқылы UIPM атқарушы комитетіне UIPM бас кеңсесінде қолжетімді өтінімнің арнайы нысанын толтыру жолымен береді. Техникалық комитет өз пікірін білдіреді және ұсыныс енгізеді. Кандидатураларды келісудің соңғы мерзімін UIPM атқарушы комитеті айқындайды, мысалы, UIPM әлем чемпионаттары үшін бұл мерзім іс-шаралар басталғанға дейін үш жылды құрайды.

1.8.2. Құрлықтық жарыстарға, Еуропа кубогының кезеңдеріне және басқа аймақтық жарыстарға қатысуға өтінім тиісті құрлықтық конфедерацияның президентіне жазбаша түрде, тиісті конфедерациямен белгіленген мерзімге сәйкес берілуі тиіс, мысалы, құрлықтық чемпионаттар үшін бұл мерзім жарыс басталғанға дейінгі екі жылды құрайды.

1.8.3. Әлемдік рейтингтегі жарыстарға қатысуға өтінім жазбаша түрде UIPM техникалық комиссиясының хатшысына жарыс өткізілетін жылдың алдындағы жылдың кемінде 01 шілдесіне дейін берілуі тиіс.

1.8.4. UIPM қалған басқа жарыстары үшін өтінімді берудің ешқандай рәсімі көзделмеген.

1.9. UIPM жарыстарын өткізу орнын таңдау.

1.9.1 UIPM әлем чемпионаттарын, әлем кубогының кезеңін және чемпиондар кубогын өткізу орнын UIPM атқарушы комитеті айқындайды. Әлемдік рейтингтегі жарыстарды өткізу орнын UIPM техникалық комиссиясы айқындайды. Құрлықтық чемпионаттарды, Еуропа кубогының кезеңдерін және басқа аймақтық жарыстарды өткізу орындарын тиісті құрлықтық конфедерацияның жарғысында айқындалған орган таңдайды.

1.9.2. Әлем чемпионаттарын, әлем кубогының кезеңін және чемпиондар кубогын өткізу құқығына ие UIPM ұлттық федерациялары тиісті жарыстарды өткізу жөніндегі міндеттер декларациясына қол қоюға міндетті.

1.10 UIPM жарыстары түрлерінің бағдарламасы

1.10.1 Жеке есептегі әлем чемпионаттары (ересектер, жасөспірімдер)

1-күн – ерлердің біліктілігі	Немесе 1-күн – әйелдердің біліктілігі
2-күн – әйелдердің біліктілігі	2-күн – ерлердің біліктілігі
3-күн- ерлердің финалы	3-күн- әйелдердің финалы
4-күн- әйелдердің финалы	4-күн- ерлердің финалы

Егер бессайысшылардың саны 40-тан аспаса, Техникалық делегация мен Жергілікті ұйымдастыру комитеті, жағдайлар мүмкіндік берсе, жартылай финалды өткізбеу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Жартылай финалдар өткізу кезінде 20-36 бессайысшыдан тұратын топтар қалыптастырылады; спортшының ең көп саны – бір топта бір ұлттық федерациядан екі спортшы.

- 1) **Бессайысшыларды классификация топтары бойынша бөлу** төмендегі кесте бойынша әлемдік бессайыстағы ағымдағы рейтингіне сәйкес жүргізіледі:

А тобы	В тобы	С тобы	Д тобы
1	2	3	4
8	7	6	5
9	10	11	12
16	15	14	13
17	18	т.с.с	

- 2) Жарыстардың финалына өтетін бессайысшылардың саны мынадай тәсілмен анықталады:
2 топ – әр топтан үздік 18-і
3 топ – әр топтан үздік 12-сі
4 топ – әр топтан үздік 9-ы
- 3) Егер бессайысшы жарақат немесе науқастануы салдарынан финал басталғанға дейін финалдық кезеңнен алынып тасталса, ол осы топтағы келесі спортшымен ауыстырылатын болады.

- 4) Жартылай финал кезеңдері болмаса, 36 бессайысшы финалдық топты құрайтын болады.
- 5) Әлем чемпионаттарының жеке есептерінде жеке де, сондай-ақ командалық классификация да өткізілуге тиіс.

1.10.2. Үш қатысушыдан тұратын әлем чемпионаттарының эстафетасы 16 командаға бір күннің ішінде ерлерге де, әрі әйелдерге де әрбір санатта жарысуға мүмкіндік береді. Эстафета Әлем чемпионаттарының соңғы жарысы ретінде өткізіледі. Құрлықтық чемпионаттар мен классификация жарыстарындағы эстафеталар әрбір құрлықта Әлем чемпионатына дейін өткізілуі тиіс. Осындай құрлықтық чемпионаттар немесе классификация жарыстары басқа құрлықтар үшін «Ашық» ретінде немесе олармен бірлесіп ұйымдастырылуы мүмкін. Ашық іс-шараны өткізу кезінде жарыстың қожасы болып табылатын құрлық тиісті Құрлықтық конфедерацияларға олардың Ұлттық федерацияларын чемпионаттарға қатысуға шақыруды ұсынады.

1.10.3 Екі қатысушыдан тұратын әлем чемпионаттарының эстафетасы 20 командаға бір күннің ішінде әрбір санатта жарысуға мүмкіндік береді. Осы командалық жарыстар Әлемнің жеке чемпионаттарынан бір күннен кейін ұйымдастырылады. Команда бір елден бір ер бессайысшы және бір әйел бессайысшыдан тұрады. Классификация тиісті Әлемнің жеке чемпионаттарының негізінде жүргізіледі.

1.10.4. А кадеттеріне арналған Әлем чемпионаттары 4 күн ішінде өткізіледі. Эстафета жеке есептен жарыстан және демалыс күнінен кейінгі төртінші күні өткізіледі. С нысаны бессайысшының жүзудегі уақытша көрсеткіштерімен толтырылуы тиіс.

1) Жеке есептегі түрлердің реті әр топтағы екі жынысты қатысушылардың жалпы санына байланысты болады:

А) әр топтағы спортшылардың (ерлер мен әйелдер) саны 51-ден асса, бессайысшылар семсерлесу үшін топтарға бөлінеді (бір топта бір ұлттың қатысушысы 2-ден артық болмауы тиіс). Жарыстар өткізу орнына байланысты бір немесе екі күннің ішінде өткізілуі мүмкін. Мысалға:

1-күн: семсерлесу (ерлер)+ жүзу (ерлер/әйелдер)

2-күн: семсерлесу (әйелдер) және комбайн (ерлер/әйелдер)

3-күн: мәдениет және демалыс күні

4-күн: үш қатысушы бар әйелдер мен ерлерге арналған эстафета+ әр жынысты бір атлеті бар аралас эстафета

В) егер әр топтағы қатысушылардың саны 51-ден аспаса, жарыстар мынадай форматта өткізіледі:

1-күн: семсерлесу + жүзу (ерлер/әйелдер)

2-күн: комбайн (старт гандикап жүйесі бойынша, ерлер/әйелдер)

3-күн: мәдениет және демалыс күні

4-күн: үш қатысушы бар әйелдер мен ерлерге арналған эстафета+ әр жынысты бір атлеті бар аралас эстафета

2) Эстафета. Жеке есептегі жарыстарды есепке ала отырып, Ұлттық Федерацияның командалық классификациясы негізінде ең көп дегенде 20 команда іріктеледі.

1.10.5. Әлем кубогының жарыстары үш күн өткізіледі: 1-ші-классификация, 2-ші – демалыс, 3-ші – финал. Финалға 36 бессайысшы шығады. Әлем кубогының жарыстары тек жеке есептегі орындарды бөлуде жарамды болып табылады.

1.10.6. Әлем кубогының финалдары әрқайсысында 36 қатысушыдан бар бір күні ерлер үшін, екінші күні әйелдер үшін өткізіледі.

1.11. UIPM жыл сайынғы күнтізбесі

UIPM жыл сайынғы жарыстарының жыл сайынғы күнтізбесі жоғарыда белгіленгендей, UIPM Техникалық комитеті UIPM штаб-квартирасымен ынтымақтаса отырып, әзірленуі және ресімделуі тиіс. UIPM жыл сайынғы күнтізбесі UIPM Конгресінде UIPM атқарушы комитетімен түпкілікті бекітіледі.

UIPM штаб-квартирасы күнтізбені барлық Ұлттық Федерацияларға таратады. Күнтізбе тұрақты жаңартылып отырады.

1.12. Шақырулар

1.12.1. UIPM ресми жарыстарына қатысуға шақырулар мүдделі Ұлттық Федерацияларға жарыс басталғанға дейін кемінде үш ай бұрын таратылуға тиіс. Әлем кубогына барлық шақырулар жарыс басталғанға дейін кемінде үш ай бұрын таратылуы тиіс. Сол уақытта шақырулар UIPM Техникалық делегаттарына, Ұлттық техникалық

қадағалаушыға және UIPM штаб-квартирасына жіберілуі тиіс. UIPM штаб-квартирасы UIPM Атқарушы комитетінің немесе UIPM басқа комитеттерінің мүшелерінің бірі қатысатындығы жөнінде Жергілікті Ұйымдастыру комитетін хабардар етеді.

1.12.2. UIPM ресми жарыстарына шақырулар электрондық поштамен жіберілуі тиіс.

1.12.3 Шақыруда мына бөлімдерге нақты түсініктеме берілуге тиіс:

- жарыс форматы;
- түрлердің реті;
- жүзу бассейнінің ұзындығы;
- жүгіру жабыны және ұсынылатын аяқ-киім;
- конкурлық алаңның түрі (егер жарыс үй-жайда өткізілетін болса ғана);
- шақырылған спортшылар мен ресми тұлғалардың саны;
- аттарды сүйрету, техникалық кеңестер мен түрлерді өткізу күні мен уақыты;
- қаржылық жағдай (тұруы және т.с.с.)
- жаттығу жүргізу үшін мүмкіндіктер;
- спортшының аты мен кодын көрсете отырып, алдын ала және түпкілікті өтінімдерді алу күні;
- жарысқа дейінгі және жарыс уақытындағы 72 сағат уақытқа мекенжайы, тұрақты телефон және факс нөмірі, сондай-ақ Ұйымдастыру комитетінің электрондық поштасы;
- рұқсатнамалық жағдайлар
- елде пистолетті пайдалану ережесі (ауа және CO2)

1.13. Спортшылардың қатысуы

1.13.1. UIPM Халықаралық лицензиялары

1) командалар түр басталғанға дейін жергілікті ұйымдастыру комитетіне өз бессайысшыларының халықаралық лицензиялық карточкаларын беруге міндетті;

2) А және В санатындағы жарыстарға UIPM халықаралық карточкалары бар бессайысшылар ғана жіберіледі

3) атқа салт міну түрінде қатыса алатындығы жөнінде лицензиялық карточкасында белгісі жоқ және олар атта салт жүруі үшін жеткілікті біліктілігі бар екендігі ұлттық федерациямен расталмаған бессайысшылар:

- ерлер мен жасөспірімдерге арналған әлем чемпионаттары мен әлем кубоктарына қатыса алмайды;

- әлем кубоктарының жартылай финалына қатыса алады, бірақ егер олар финалға өтсе, олар өз орнын салт атпен жүруге мүмкіндігі бар өзінің классификация тобындағы келесі бессайысшыға беруі тиіс;
- барлық басқа жарыстарда атты салт мінуден басқа барлық түрлерге қатыса алады.

4) С санатындағы жарыстарда Ұлттық федерация кез келген бессайысшы лицензиялық карточкасыз атқа салт мінуге қатыса алатындығыны жөніндегі жазбаша растауды жергілікті ұйымдастыру комитетіне беруі тиіс.

1.13.2. Жеке есептегі әлем чемпионаттары

Жеке есептегі әлем чемпионаттарына қатысушылардың (ересектер мен жасөспірімдер) саны 108-ден кем болмауы тиіс. Әр қатысушы классификация жарыстарында төмендегі ұпайлар санын алған жағдайда, Әрбір Ұлттық Федерацияның 3 қатысушыны қосуға құқығы бар:

4700 – ерлер

4500 – әйелдер

4000 – жасөспірім ерлер

3000 - жасөспірім әйелдер.

1) Егер 108 спортшыдан тұратын квота толмаса, әр жыныстан 108 спортшы лимитіне жеткенге дейін жарыстарға қатысуға басқа спортшыларды шақыруға болады. Бірінші шақыру «қожайын» федерацияға жіберіледі. Ешқандай UIPM мүше елдің 4-тен артық қатысушы беруге құқығы жоқ, бірақ барлық төртеуі де финалға қатыса алады.

2) Ұйымдастырушы федерация жарыс финалына жеке классификациядағы әрбір санатта 3 қатысушыны (егер 108 қатысушы квотасына жетпесе, онда 4-еуін) автоматты түрде шығаруға және әлем чемпионатының командалық эстафетасына қатысуға құқығы бар. Ұйымдастыру комитеті алдын ала өтінімді алған соң 4-ші спортшының қатысуына келісімін растауы тиіс.

3) А кадеттерінің арасындағы әлем чемпионаттарында бір ұлттық федерациядан көп дегенде 4 спортшы қатыса алады. Командалық есептер үшін командалар үш бессайысшыдан қалыптастырылады.

1.13.3. Үш бессайысшысы бар әлем чемпионаттарының эстафеталары

Әлем чемпионаттарында командалық эстафетаға қатысу үшін спортшылар өз құрлығындағы аймақтық чемпионаттар немесе классификация жарыстарында командалық эстафетада көрсеткен нәтижелерінің негізінде жіберіледі. Егер құрлықтық чемпионатта (Еуропа чемпионатын қоспағанда) командалық эстафета болмаса, онда жеке жарыстардың (дәстүрлі командалық жарыстар) нәтижелері пайдаланылады. Егер дәстүрлі кесте бойынша командалық жарыстар өткізілмесе, онда жарыстар өткізілгенге дейінгі екі ай бұрын күнмен белгіленген PWR классификацияның әлемдік жүйесі бойынша рейтингтің нәтижелері пайдаланылады. Ұлттық Федерациялар жарыстарда жеке есепте қатысып жатқан спортшылардан басқаларын да жіберуі мүмкін.

1) Құрлықтар мынадай ретте жіберіледі:

Африка 1 команда

Солтүстік және Орталық Америка 2 команда

Оңтүстік Америка 1 команда

Азия 3 команды

Еуропа 7 команд

Мұхиттық 1 команда

Қабылдайтын Федерация (кепілдік берілген) 1 команда

Командалардың жалпы саны – 16 команда

2) Өткен жылғы әлем чемпионатында эстафетаны жеңіп алған Ұлттық Федерацияның командасы Ұлттық Федерация орналасқан құрлыққа берілетін квотаға сәйкес осы 16 команданың санына кіреді.

3) Егер бір құрлықтан бір немесе одан да көп команда әлем чемпионатының эстафетасына қатысудан бас тартса, онда ол осы құрлықтың бірінші резервтегі командасымен немесе бос орын жабылғанша келесісімен ауыстырылуы тиіс. Егер құрлықта бос командалар болмаса, онда бос орын жарыстар өткізілгенге дейінгі екі ай бұрын күнмен белгіленген PWR классификациясының әлемдік жүйесі рейтингісінің ең жоғары нәтижелеріне ие ұлтқа беріледі.

1.13.4 Екі бессайысшысы бар әлем чемпионаттарының эстафетасы (қатысуға 20 команда жіберіледі).

Тиісті әлем чемпионаттарының жеке жарыстарында көрсетілген нәтижелерінің негізінде спортшылар командалық эстафетаға қатысуға жіберіледі. Егер өзгеше айқындалмаса, онда 6 құрлық пен қабылдайтын федерацияның жарыстардағы орнына кепілдік берілген. Команда бір елден 1 бессайысшы ер мен бір бессайысшы әйелден тұрады. Әр ұлттың ерлер мен әйелдердің жеке чемпионаттарындағы ең жоғары нәтижелерінің қорытындысы бойынша командаға іріктеу жүргізіледі.

1.13.5. Әлем кубогының жарыстары

Әрбір Ұлттық Федерацияның Әлем кубогының әрбір жарысында бір спортшыны қатыстыруға құқығы бар. Ерекше жағдайларда, ең көп дегенде 4 спортшы бір ұлттың атынан шыға алады. Дегенмен, Әлем кубогының жарыстарында Олимпиада ойындарына арналған классификация жарыстары да бар, онда әрбір ұлттан қатысушылардың саны 3-ке тең. Ұйымдастырушы Ұлттық Федерация ең көп дегенде 12 спортшыны шығара алады, тек Олимпиада ойындарына арналған классификация жарыстары болып табылатын Әлем кубогының жарыстарын қоспағанда, ондағы спортшылардың саны 4 адаммен шектелген. Стартқа шыққан барлық спортшылар Әлем кубогы жарыстарының финалдық бөлігіне қатыса алады.

1) Қажет ұпайлардың ең аз саны:

4700 ұпай ерлер үшін

4000 ұпай әйелдер үшін

Егер бос орындар қалса, басқа спортшылар шақырылуы мүмкін.

2) Әлем кубогының финалы үшін әрбір Ұлттық Федерациялардан спортшылардың саны 3 қатысушымен шектелген.

1.13.6. Әлемдік классификациядағы жарыстар

Әлемдік классификациядағы жарыстар бессайысшы үшін әлем чемпионаттарына классификация жарыстары болып табылады. Жергілікті ұйымдастыру комитеті 1.21.2-тармағында айқындалғандай классификацияны негізделген деп тануы үшін қатысушы Ұлттық Федерациялар мен спортшылардың ең аз санын қамтамасыз етуі тиіс. Егер қатысатын спортшылардың саны 4-ші деңгейлік жарыстар үшін қажетті деңгейден төмен болса, онда Техникалық делегат осы жарыс әлемдік классификациядағы жарыс болып табылады ма, соны шешеді. Командалық эстафетада Ұйымдастырушы Ұлттық

федерацияның командасын қосқанда кемінде 4 команданың қатысатындығына кепілдік берілуі тиіс.

1.13.7. Чемпиондар кубогы

UIPM 18 бессайысшыны (ерлер де, әйелдер де) чемпиондар кубогына қатысуға шақырады. Олардың ішінде:

- 6 кұрлық чемпиондары
- ағымдағы жылғы ересектер арасындағы әлем чемпионаттарының 3 медаль иегері
- ағымдағы жылғы әлем кубогы финалының үздік 3 бессайысшысы
- іс жүзіндегі олимпиада чемпионы
- олимпиада кезеңіндегі ересектер арасындағы барлық әлем чемпиондары
- жасөспірімдер арасындағы іс жүзіндегі әлем чемпионы
- қабылдайтын ұлттың бір немесе екі бессайысшысы, егер олар бұған дейін іріктелмесе;

Егер 18 бессайысшылар квотасы әлі толтырылмаса, жарыстар өткізілгенге дейінгі екі ай бұрын күнмен белгіленген PWR классификациясының әлемдік жүйесі рейтингісінің ең жоғары нәтижелеріне ие үздік бессайысшылар шақырылады.

1.14. Ресми тұлғалардың қатысуы

1.14.1. Әр жынысқа арналған жарыстарда жеке есептерде әрбір Ұлттық Федерацияның атынан ең көп дегенде 2 ресми тұлға (делегация басшысы, жаттықтырушы және т.с.с.) шығады, бұл егер жарыстарға 3 немесе 2 спортшы қатысса; егер жарысқа 1 спортшы қатысса, онда Федерация атынан тек 1 ресми тұлға шығады. Командалық эстафета жарыстарында 2 ресми тұлға әрбір команданың атынан шыға алады.

1.14.2. Басқа ресми тұлғалар жарыстарға Ұйымдастыру комитетінің келісімімен, 1.16-тармағында бекітілген қаржылық жағдайларға сәйкес қатыса алады.

1.15. Өтінімдер мен аккредитациялар

1.15.1.Әлем кубоктарын есепке алмағанда А және В санатындағы UIPM жарыстарында алдын ала өтінімдерді алудың соңғы мерзімі –

жарыс басталғанға дейін 4 апта бұрын және түпкілікті өтінімді 2 апта бұрын. Әлем кубогына түпкілікті өтінімдер жарыс басталғанға дейін кемінде 60 күн бұрын алынуы тиіс. Егер түпкілікті өтінімді алудың соңғы мерзімі өтіп кетсе, онда рұқсат қағазды алмаған Ұлттық Федерация немесе спортшының өзі жарысқа жіберілмеген болып есептеледі және басқа Ұлттық Федерациямен немесе келесі спортшыны шақырумен ауыстырылуы мүмкін.

1.15.2. Түпкілікті өтінімдерде Ұлттық Федерациялар жарысқа қатысатын спортшылардың, резервтегілердің және ресми тұлғалардың атын көрсетеді. Делегация саны шақырылғаннан артық спортшы және ресми тұлғалармен жарысқа келе алмайды.

1.15.3. Финалдық өтінімді берген уақытта барлық федерациялар қожайын-ұлтқа/жергілікті ұйымдастыру комитетіне тұруы үшін жалпы құнының 30%-ын ақша аударымы бойынша немесе басқа тәсілмен жіберуі тиіс, өйтпеген жағдайда резервте ұстауға кепілдік берілмейді. Егер жарысқа келген соң команда құрамында спортшы және/немесе ресми тұлға өтінімде жазылғаннан кем болатын болса және қожайын-ұлт/жергілікті ұйымдастыру комитеті ол жөнінде келгенге дейін кемінде 7 күн бұрын хабардар етілмесе, онда Ұлттық Федерация әрбір келмеген адам үшін 200 евро мөлшерінде айыппұл төлеуі тиіс.

1.15.4. Егер Ұлттық федерация түпкілікті өтінімде тіркелген қосалқы ойыншының жарысқа қатысуын талап етсе, онда ол Техникалық жиналысты өткізгенге дейін кемінде 24 сағат бұрын Ұйымдастыру комитетін электрондық пошта немесе факс арқылы хабардар етуі тиіс. Ұйымдастыру комитеті мен UIPM техникалық делегаты түпкілікті өтінімдерді классификация топтарының жеке есептегі бастау хаттамаларын жасау үшін пайдаланады. Түпкілікті өтінімге енгізілмеген немесе электрондық пошта не факс бойынша ата аталмаған спортшы стартқа қатысушы ретінде жарысқа қатысуға жіберілмейді.

1.15.5. Түпкілікті өтінімде берілген қатысуды растаған соң, Ұлттық Федерация жарыста қатысу үшін кемінде бір спортшыны шығаруы тиіс. Егер Ұлттық Федерация түпкілікті өтінімде берілген қатысуды

растаған соң қандай да бір себеппен жарысқа қатыспаса, ол 750 USD мөлшеріндегі айыппұлды UIPM төлеуі тиіс.

1.16. Қаржы мәселелері

1.16.1. Әлем чемпионаттары, құрлықтық чемпионаттар және Олимпиада ойындарына іріктеу жарыстары, әлем кубогынан басқа UIPM барлық жарыстарында Ұйымдастырушы Федерация/Ұйымдастыру комитеті қонақтардың қоныстандыруды қоса алғандағы жарысты өткізу бойынша барлық шығындарды (жергілікті көлік, ыңғайлы жатын орын және тамақтандыру) өзіне алады.

1.16.2. Жергілікті ұйымдастыру комитеті қатысушыларға тамақтану мен тұруды тегін ұсынатын жарыстарда қатысушылар (бессайысшылар, жаттықтырушылар және алып жүруші тұлғалар) ұйымдастырушы федерацияға/ жергілікті ұйымдастыру комитетіне аккредитациялық жарнаны төлеуге тиіс.

1) аккредитациялық жарна отельден бастап жарыс өткізілетін орынға дейін және кері бағытта ресми көлікті пайдалану және жарыс уақытында ланч-пакетті, су/ сергітетін сусындарды алу құқығын береді;

2) аккредитациялық жарнаның мөлшері UIPM атқарушы комиссиясының ұсынысы бойынша қолданыстағы айырбастау курсына сәйкес UIPM конгресінде шешіледі.

1.16.3. Әлем чемпионаттарында, құрлықтық чемпионаттар мен Олимпиада ойындарына іріктеу жарыстарында ұйымдастырушылар ұсынбаса делегациялар өздерінің тұруын өздері төлейді.

1.16.4. Егер ұйымдастырушылар қаржылай өтемақыны бермесе, онда мүмкіндігінше ең төмен бағалармен теңбе тең келетін тамақтану мен тұру барлық ұлттық ресми делегациялардың мүшелеріне, UIPM атқарушы комитетінің мүшелеріне және UIPM комитеттерінің мүшелеріне беріледі. Ұлттық федерациялар сонымен қатар: 1) жергілікті ұйымдастыру комитеті шақыруда ұсынылған тұру жағдайымен келісу немесе 2) тұратын орынды өздігінен тауып алу мүмкіндігіне ие болады, тек бұл жағдайда олар аккредитациялық жарнаны төлеуге міндетті.

1.16.5. Әлем кубогының жарыстарында жергілікті ұйымдастыру комитеті қандай да бір қаржылық міндеттемелерсіз алдындағы әлем чемпионаты мен әлем кубогы финалының нәтижелері бойынша бірінші он ерлер мен әйелдерді шақыруға және әрбір ұлттық федерация үшін әрбір жыныс үшін бір орынға кепілдік беруге міндетті.

1.16.6. Әлем кубогының жарыстарында және әлем кубогының финалында жергілікті ұйымдастыру комитеті әрбір ұлттық федерациядан әр жынысты бір бессайысшыдан және бір федерациядан бір жаттықтырушыны қабылдайды (көлік, тұрғын үй және тамақтанумен қамтамасыз етеді). Жергілікті ұйымдастыру комитеті спортшылардың, жаттықтырушылардың және ресми тұлғалардың қосымша саны үшін қаржылық жауаптылықта болмайды. Осындай қатысушылар оларға ұсынған тұру жағдайларын қабылдауы немесе тұрғын үйді өздігінен тауып алуы мүмкін, мұндай жағдайда олар жергілікті ұйымдастыру комитетіне тек аккредитациялық жарнаны төлеуге міндетті.

1.16.7. Жарыс аяқталған соң кемінде 6 айдан кейін қаржылық есеп UIPM ұсынылуы тиіс. Әлем чемпионатын ұйымдастыратын федерация оның өткізілуі үшін қаржылық жауаптылықты толық өзіне алады. Әлем чемпионаттарын ұйымдастырушылар билеттерді сатудан және т.с.с. барлық түсімді өздеріне алады, бірақ барлық қаржылық тәуекелге де жауапты болады.

1.17. Басқару органдары

1.17.1. UIPM техникалық делегаттары

1) UIPM техникалық делегаты – Техникалық комитет ұсынған және Атқарушы комитет тағайындаған білікті интернационалдық төреші. А санатындағы жарыстарда Техникалық делегат Техникалық комитеттің мүшесі болуы тиіс. UIPM техникалық делегаты UIPM барлық жарыстары UIPM ережелері мен келісімдеріне сәйкес өткізілуін қадағалауға міндетті. Техникалық делегат Ұйымдастыру комитетінің жұмысын қадағалайды және UIPM жарыстарының техникалық дирекциясына толық бақылауды жүзеге асырады.

2) Техникалық делегат ұйымдастырушы елдің өкілі болмауы тиіс. Олимпиада ойындары мен ересектер мен жасөспірімдер арасындағы

әлем чемпионаттарында ер және әйел жынысты екі Техникалық делегаттан қатысуы тиіс. Құрлықтық чемпионаттарда, А кадеттері арасындағы әлем чемпионаттарында және Әлем кубогының финалдарында ер және әйел жынысты бір Техникалық делегаттан қатысуы тиіс. UIPM А және В санатындағы басқа жарыстарында UIPM тым болмаса бір Техникалық делегаты қатысуы тиіс.

3) Техникалық делегаттың қоныс аудару күндерін қоса есептегендегі ұшу және тәуліктік шығындарын UIPM төлейді. Тұруы, тамақтануы және ішкі қозғалу шығындары ұйымдастырушы федерацияға жүктеледі.

4) UIPM техникалық делегатының міндеттері:

- жарысқа шақыруды мүмкіндігінше шапшаң тексеру;
- барлық бес түрге арналған спорттық алаңдар мен құрал-жабдықтарды инспекциялау және бекіту;
- жергілікті ұйымдастыру комитетінің қатысушыларды тасуы үшін ұсынған көлігін пайдалануды инспекциялау және келісім беру;
- ұйымдастырушылармен бірлесіп техникалық кеңесті әзірлеуге және өткізуге қатысу;
- ұйымдастырушылар ұсынған аттардың ішінен атта салт жүруге арналған жылқыларды іріктеу;
- аттардың жеребесіне бақылауды және ер-тұрмандарын, жарысқа қатысушылардың барлығында қорғанудың қажетті құралдарының болуын тексеруді жүзеге асыру;
- допинг-бақылау мен алкогольге тестіні өту үшін іріктелген барлық спортшылардың тұлғасын куәландыру. Осы спортшылардың дереу медициналық куәландыруға баруын қадағалау, UIPM құзыретті тұлғасы болмаған жағдайда, Техникалық делегат допинг-бақылаудан өтетін спортшыларды өзі таңдайды.
- Ұйымдастыру комитетімен бірге финалға классификация топтарын және басқа топтарды жасау;

- Өзінің қолымен жарыстардың нәтижелерінің нақтылығына кепілдік беру, нәтижелер мен финалдық есепті UIPM бас хатшысының және Техникалық комитет хатшысының электрондық поштасына жіберу;
- Ұйымдастыру комитетінің нәтижелерді электрондық пошта арқылы UIPM штаб-квартирасына жіберуін қамтамасыз ету (www.pentathlon.org).

1.17.2 UIPM медициналық делегаттары

- 1) Медициналық делегаттар, UIPM медициналық ережесінде белгіленгендей, А санатындағы жарыстарда допинг-бақылауды қадағалау үшін тағайындалады, жарыстарды өткізу орындарында қатысады және науқастанған немесе жарақаттанған бессайысшыларға тыйым салынған препараттарды қателікпен тағайындамау үшін команда капитандарына консультация береді.
- 2) Техникалық делегаттың қоныс аудару күндерін қоса есептегендегі ұшу және тәуліктік шығындарын UIPM төлейді. Тұруы, тамақтануы және ішкі қозғалу шығындары ұйымдастырушы федерацияға жүктеледі.

1.17.3 . UIPM ұлттық техникалық қадағалаушысы

- 1) UIPM техникалық комитетінің төрағасы В санатындағы жарыстарда техникалық делегаттың орнына ұлттық техникалық қадағалаушыны тағайындауы мүмкін.
- 2) ҰТҚ:
 - спорттың бес түрі бойынша халықаралық төреші лицензиясының болуы;
 - жарыс өткізілетін елде тұруы;
 - ұлттық ұйымдастыру комитетінің штатында болуы;
 - жарыс бойына оған қатысуға міндетті.
- 3) ҰТҚ тәуліктік шығындарын UIPM төлейді. Тұруы, тамақтануы және ішкі қозғалу шығындары ұйымдастырушы федерацияға жүктеледі.

1.17.4. UIPM қаржы істері жөніндегі делегаттары

UIPM атқарушы комитеті UIPM қаржы істері жөніндегі комитетінің ұсынысы бойынша А санатындағы барлық жарыстар үшін UIPM маркетингтік делегатын тағайындайды, ол жергілікті ұйымдастыру комитетінің, бессайысшылардың және командалардың ресми тұлғаларының маркетингтік декларация бойынша өзінің

міндеттемелерін сақтауында көмек көрсету және бақылау үшін жауапты болады.

1.17.5. UIPM халықаралық төрешілері

1) UIPM техникалық комитеті екіден тоғыз адамға дейін сайлайды, ал Атқарушы комитет оларды ересектер мен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаттарына және жасөспірімдердің Олимпиада ойындарына іріктеу жарыстарына халықаралық төреші ретінде белгілейді. А санатындағы ересектер, жасөспірімдер және кадеттер арасындағы UIPM жарыстарындағы барлық халықаралық төрешілер спорттың бес түрі бойынша сертификатталған төрешілер болуы тиіс.

2) UIPM халықаралық төрешісі барлық бес түрі өткенше ұйымдастырушы федерацияның қарамағында болады, бірақ семсерлесуде болуы міндетті. Ешқандай төреші өзінің федерациясынан спортшысы қатысатын турда төреші бола алмайды.

3) халықаралық төрешінің өзінің елінен жарыс өтетін орынға ұшып келуіне шыққан шығындарды UIPM жабады және басқа шығындарға тәуліктік шығындарды кемінде 3 күн ішінде төлейді. Ұйымдастырушы федерация тұруы, тамақтануы және көлік үшін шығындарды өзіне алады.

1.17.6. Жарыстардың қазылар алқасы

1) Жарыстың қазылар алқасы әрбір жарыс үшін қалыптастырылады (тағайындалады). Бессайыс директорының және UIPM техникалық делегациясының шешіміне сәйкес әйелдер арасындағы жарыстарда және эстафетада екінші және үшінші конкурстық қазылар алқасы белгіленуі мүмкін. Жарыстың қазылар алқасы үш мүшеден тұрады. UIPM атынан Ұйымдастыру комитетімен тағайындалған бессайыс директоры немесе оның орынбасары конкурстық қазылар алқасында төрағалық етеді. Оның құрамына сонымен қатар конкурстық қазылар алқасы кіммен жұмыс істесе, сол түрдің директоры кіреді: семсерлесуді өткізген уақытта – семсерлесу директоры, жүзу уақытында – жүзу директоры, атқа салт міну кезінде – атқа салт міну директоры, комбайн уақытында – комбайн директоры (Мысалы: жүгіру бойынша жарысты өткізген уақытта қазылар алқасының құрамына осы дисциплина бойынша директоры кіруі тиіс). Әрбір дисциплина директорының өзінің түрі бойынша интернационалдық төрешілік лицензиясы болуы тиіс. Барлық бес түр бойынша интернационалдық төрешілік лицензиясы бар Ұлттық Федерацияның өкілі қазылар алқасының үшінші мүшесі болып табылады. Ол бірінші

техникалық жиналыста қатысушы командалардың өкілдерімен сайланады. Осы сайлауда әрбір Ұлттық Федерацияның бір даусы болады.

1.17.7. Апелляциялық қазылар алқасы

1) А санатындағы UIPM ресми жарыстарында апелляциялық қазылар алқасы жеті адамнан тұрады. UIPM басқа ресми жарыстарында қазылар алқасы бес адамнан тұрады.

2) Олимпиада ойындарында, әлем чемпионаттары мен Әлем кубоктарында қазылар алқасының жетеуінің екеуі Техникалық делегаттар болып табылады. Бір Техникалық делегат әйелдер арасындағы, екіншісі – ерлер арасындағы жарыстарда апелляциялық қазылар алқасына кіреді.

-Апелляциялық қазылар алқасының үшінші мүшесі Ұйымдастыру комитетінің өкілі болып табылады және оның бессайыстың барлық бес түрі бойынша интернационалдық төрешінің лицензиясы болуы тиіс. Қазылар алқасының басқа үш мүшесі UIPM техникалық комитетінің өкілдері болуы тиіс. Олардың барлығы UIPM техникалық комитетінің ұсынысы бойынша UIPM атқарушы комитетімен тағайындалады.

- қазылар алқасының жетінші мүшесі қазіргі бессайыстың барлық бес түрі бойынша интернационалдық төрешінің лицензиясы бар командалардың өкілі болуы тиіс. Ол жарыстардың алдында өткізілетін Техникалық жиналыста қатысушы командалардың өкілдерімен сайланады.

- UIPM техникалық комитетінің мүшелері қазіргі бессайыстың барлық бес түрі бойынша Интернационалдық Төрешінің лицензиясы бар адамдармен ауыстырылуы мүмкін, UIPM техникалық комитетінің ұсынысы бойынша UIPM атқарушы комитетімен тағайындалған бола тұра.

3) В санатындағы UIPM ресми жарыстарында қазылар алқасының бес мүшесінің біреуі ғана Техникалық делегат, сондай-ақ оның төрағасы болып табылады. Сонымен қатар ерлер сияқты әйелдердің де апелляциялық қазылар алқасына қазіргі бессайыстың барлық бес түрі бойынша интернационалдық төрешінің лицензиясы бар Ұйымдастыру комитетінің өкілі кіруі тиіс.

- қазылар алқасының басқа екі мүшесі қазіргі бессайыстың барлық бес түрі бойынша интернационалдық төрешінің лицензиясы

бар интернационалдық төрешілер болуы тиіс. Төртеуінің барлығы UIPM техникалық комитетінің ұсынысы бойынша UIPM атқарушы комитетімен тағайындалады.

апелляциялық қазылар алқасының бесінші мүшесі қазіргі бессайыстың барлық бес түрі бойынша интернационалдық төрешінің лицензиясы бар командалардың өкілі болуы тиіс. Ол жарыстардың алдында өткізілетін Техникалық жиналыста қатысушы командалардың өкілдерімен сайланады.

4) Бессайыстың бес түрінің бірінің директоры да, жарыстардың қазылар алқасының мүшесі де біруақытта апелляциялық қазылар алқасының мүшесі бола алмайды.

5) апелляциялық қазылар алқасының төрағасы немесе мүшесі мүдделі елдің азаматы, не қызметкері, не жаттықтырушысы болса, онда ол мүделлі тұлға болып есептеледі және дауыс беру барысында оның дауыс беру құқығы болмайды. Егер қазылар алқасының төрағасы мүдделі тұлға болса, онда апелляциялық қазылар алқасының жасы бойынша үлкен мүшесі төраға орнын алады. Шешімдер мен дауыс берулер қате түсінетін адамның қатысуымен жүргізілмеуі тиіс.

6) Қазылар алқасына сайлау қарапайым қол көтеру арқылы жүргізіледі, әрбір Ұлттық Федерацияда бір дауыс.

7) апелляциялық қазылар алқасы апелляциялар мен наразылықтарды қарау үшін, сондай-ақ бессайыс директорының немесе UIPM техникалық делегатының өтініші бойынша UIPM бағдарламасы (барлық бес түрі бойынша) барысында туындайтын даулы заңды мәселелерді шешу үшін шақырылады. UIPM ережесімен көзделмеген жағдайларды немесе айрықша жағдайларды UIPM мәніне, мақсаттарына және ниетіне тиісті сыйластықпен спорттық рухта шешу Апелляциялық қазылар алқасының міндетіне жатады.

8) апелляциялық қазылар алқасы апелляцияны немесе наразылықты алған соң бірден шақырылады және мүмкіндігінше тез шешім қабылдайды. Наразылықтар мен апелляциялар ұдайы қаралуы және марапаттау рәсіміне кедергі келтірмеуі тиіс. Жарысқа қатысу құқығынан айрылған немесе тәртіптік жаза немесе тәртіптік шектеу болған жағдайда бессайыс директоры, ал кез келген басқа жағдайларда тиісті түрдің директоры наразылықты немесе апелляцияны жариялауға шешім болған себептерді баяндауы тиіс. Іске қатысы бар адамға ресми түрде сөз сөйлеу мүмкіндігі және консультанттың қызметін пайдалану құқығы беріледі.

9) апелляциялық қазылар алқасы іске қатысы бар адамның және оның консультантының қатысуынсыз құпия дауыс беру арқылы шешім қабылдайды. Шешім басым дауыспен қабылданады. Күмән болған жағдайда, шешім спортшының пайдасына қабылданады. Дауыс саны тең болған жағдайда, апелляциялық қазылар алқасы төрағасының даусы шешуші болып табылады. Шешім жазбаша нысанда бекітіледі және UIPM үй-жайларында сақталады. Апелляцияны немесе наразылықты беретін адам олардың қарауына қатысуы тиіс.

10) апелляциялық қазылар алқасы дәлелдемелер мен айғақтарды тануда немесе бағалауда тәуелсіз және шектелмейді. Осы қазылар алқасының шешімі түпкілікті.

1.17.8. Ұйымдастыру комитеті (Organising Committee (LOC))

Ұйымдастыру комитеті мыналарды тағайындайды:

- 1) Бессайыс директоры мен оның орынбасарын және те екеуінің де барлық бес түр бойынша интернационалдық төреші лицензиясы болуы тиіс, сондай-ақ жарыстың қазылар алқасы төрағасының рөлін атқару өкілеттігі болады, Ұйымдастыру комитетінің UIPM Техникалық делегатымен және UIPM Техникалық делегатының қадағалауымен өтетін жарыстарда UIPM ережелерін сақтауға жауапты адаммен байланысты жүзеге асырады.
- 2) барлық бес түр бойынша интернационалдық төреші лицензиясы бар, апелляциялық қазылар алқасының мүшесі болу өкілеттігі бар адамды;
- 3) Диктордың міндетін атқаратын және жұртшылықты жарыстың барлық аспектілері туралы, түрлері, қатысушылары және нәтижелері туралы хабардар ететін Ұйымдастыру комитетінің бір мүшесін. VIP қонақтарға қызмет көрсету үшін қанша қажет болса, сонша адамды тағайындайды.
- 4) Конституция, Ұйымдастыру комитетінің міндеттері мен міндеттемелері кейіннен 1.8-тармағында және өтініштер 1.9.-тармағында сипатталады.
- 5) Командалар келген соң жергілікті ұйымдастыру комитетіне өз бессайысшыларының лицензиялық карточкаларын беруге міндетті. Ұйымдастыру комитеті деректердің сәйкессіздігінің болуын тексереді және техникалық делегатқа немесе ұлттық техникалық қадағалаушыға хабарлайды. Егер бессайысшының лицензиясы болмаған жағдайда, ұйымдастыру комитеті ол жөнінде де техникалық делегатқа немесе ұлттық техникалық қадағалаушыға

хабарлайды. Ұйымдастыру комитеті, техникалық делегат немесе ұлттық техникалық қадағалаушы сонымен қатар бессайысшының атпен салт жүруге қатысуға құқығы бар ма екендігін тексереді.

- 6) Ұйымдастыру комитеті әрбір түрдің барысында шөлмектерде ауыз суының шектеусіз қорының болуы үшін жауапты болады. Ол сонымен қатар жалпы медициналық көмекті көрсетуге және жарақаттанғанды госпитальға жеткізу үшін қосалқы көліктің болуына, сондай-ақ жарыс өткізілетін әрбір аренада санитарлық құрал-жабдықтың болуы үшін жауапты болады. Атпен салт жүруді өткізген уақытта ветеринар дәрігердің болуы үшін жауапты.
- 7) Ұйымдастыру комитеті сонымен қатар нәтижелерді есептеу және көрсетуге жауапты компьютерлік жасақтама мен кәсіби техникалық аппаратураны қоса алғандағы жарыстарды қажетті техникалық құрал-жабдықпен қамтамасыз ету үшін, айқын көрінетін теледидарлық табло және проекциялық экрандар үшін жауапты болады.
- 8) Ұйымдастыру комитеті жарыстардың нәтижелерін бірден Excel форматында UIPM штаб-квартирасының электрондық поштасына жібереді ([www. pentathlon. org.](http://www.pentathlon.org)).

1.17.9. Техникалық кеңес

1) Техникалық кеңес жарыстың құрамды бөлігі болып табылады және бірінші түрдің басталуының алдында өткізіледі. Оған міндетті түрде барлық қатысатын командалардың капитандары немесе өкілдері қатысуы тиіс, әрбір команда атынан көп дегенде екі өкіл қатыса алады. Техникалық кеңеске қатыса алмайтын команда барлық қажетті деректерді (спортшының аты-жөні, оның кодтық нөмірі, жүзудегі нәтижелері, командадағы старттық нөмірі және т.с.с.) жарыс басталғанға дейін 24 сағат бұрын Ұйымдастыру комитетіне тапсыруы тиіс және оның атынан шығатын басқа команданы жіберуі тиіс. Техникалық кеңеске қатыспаған командалар жарыстың басталуына жіберілмейді.

2) Техникалық кеңеске қатысып отырған командаларды басты ресми тұлғалармен және жарыстардың қазылар алқасының және апелляциялық қазылар алқасының мүшелерімен таныстырады. Кеңесте қатысушылар қажетті нұсқаулықтарды алады және қазылар алқасына сайлау өтеді. Мына ақпарат таратылуы тиіс:

- көлік пен тамақтану қоса көрсетілген бағдарлама;
- атпен жүру бағдарының жоспары;

- комбайн бағдарының жоспары
- жүзу мен семсерлесуге арналған белгілі старттық хаттама
- командалар құрамы
- семсерлесу тәртібі
- техникалық бақылауды өткізу уақыты мен орны
- аттар тізімі мен сүйрету нәтижелері, олар аттардың жеребесі басталғанға дейін кемінде 1 сағат бұрын берілуі тиіс.

1.18. Бессайысшыларға қойылатын талаптар

1.18.1. Тек UIPM мен Ұлттық Федерациялардың (Ұлттық олимпиада комитетінің) ресми келісімі және одан әрі Халықаралық олимпиада комитетінің Атқарушы кеңесінің мақұлдауымен болған жағдайларды санамағанда, Олимпиада ойындарында А санатындағы жарыстарда қандай да бір елдің атынан шығатын спортшының өзі азаматтығын алған және тұрақты сонда тұрып жатқан жаңа елдің атынан шығуға үш жыл өткен соң ғана құқығы болады.

1.18.2. Олимпиада ойындарында А және В санаттарындағы жарыстарда қандай да бір елдің атынан шыққан спортшының өзгеріс болған күнтізбелік жылы өзі азаматтығын алған және тұрақты сонда тұрып жатқан жаңа елдің атынан не А және В санатындағы жарыстарға, не Олимпиада ойындарына шығуға құқығы жоқ.

1.18.3. UIPM Ұлттық Федерациялары және оған кіретін спортшылар UIPM Атқарушы комитетінің алдын ала келісімінсіз UIPM мүше емес федерациялардың өткізген жарыстарына қатысуға құқығы жоқ. UIPM мүше емес федерациялардың спортшыларының, егер ұйымдастырушы федерация UIPM Бас хатшысына ол туралы хабарлаған жағдайда, UIPM жарыстарына қатысуға құқығы бар.

1.18.4. Өздерінің Ұлттық Федерацияларының мүшелері болып табылмайтын спортшылардың UIPM жарыстарына қатысуға құқығы жоқ.

1.19. Старттық хаттама және старт тәртібі

1.19.1. Барлық бес түр бойынша эстафетадағы старттық құрам техникалық жиналыстың алдында команда өкілімен жазбаша жариялануға тиіс және Техникалық делегат мақұлдаған соң, өзгертуге болмайды. Сонымен қатар

техникалық жиналыстан кейін Техникалық делегаттың шешіміне сәйкес форс-мажорлық жағдайлардан басқада, тіркелген спортшыны ауыстыруға болмайды.

1.19.2. Семсерлесу

1) Семсерлесу бойынша жеке жарыстардың финалға біліктілігінде жеребені техникалық жиналыстың алдында нөмірлерді тарту арқылы Техникалық делегат жүргізеді, №1 жол – 1-нөмір. Бірінші нөмірді алған команда №1 болады. Алфавит реті бойынша келесі команда №2 болады және т.с.с. Командалар 3В-қосымшада көрсетілгендей, жолдарда орналасады. Егер бір елден 2 немесе одан артық команда шығатын болса, онда олар 2В-қосымшасына сәйкес семсерлесу бойынша жарыстардың бірінші раундында өзара кездеседі. Финалда екі немесе одан да артық бессайысшылары бар әрбір Ұлттық Федерацияның семсерлесушілерді А командасына бөлуге және аралас командаларға немесе А және В/С командаларына анықтауға құқығы бар.

2) Семсерлесу бойынша жарыстардағы эстафетада да сол ережелер қолданылады.

1.19.3. Жүзу

1) Жүзуден классификациясыз өтетін жеке есептегі жарыстарда спортшылар әлемдік рейтингтік классификациядағы орнына сәйкес 3.4.1.4) тармағында көрсетілгендей орналасады. Финалда спортшылар классификацияда жинаған ұпайлар санына сәйкес орналасады.

2) Жүзу бойынша жарыстардағы эстафетада екі түрден кейін алдыңғы орындарды иеленген командалар екінші жүзуде жеке жарыстар үшін 3.4.1.4) тармағымен белгіленген старттық тәртіпте жарысады.

1.19.4. Атпен салт жүру

1) Атпен салт жүруден жеке есептегі жарыста егер екі гит өткізілсе, алдыңғы түрдің нәтижелері бойынша ең мықты 50% бессайысшы жарысқа екінші гитте шығатын болады. Спортшылар мынадай тәртіпте жарысады:

Қатысушылардың жалпы саны: 36 немесе 40, егер классификация болмаса және ұйымдастыру комитеті қарсы болмаса.

1-ші 36+18

2-ші 35+17

.....

17-ші 20+2

18-ші 19+1

2) Егер қатысушылардың саны тақ болған жағдайда, тағы бір спортшы бірінші гитке қатысады.

3) Бір гитпен өткізілетін жарыстарда спортшылар мен командалар кері тәртіпте жарысады, яғни ең үздік көрсеткіші бар команда немесе спортсмен соңғы болып шығады.

4) Атпен салт жүрудің эстафетасындағы тәртіп жеке есептегідей болады.

1.19.5. Комбайн.

- 1) Комбайн бойынша жарыстарда жеке есепте спортшылар олардың гандикаптағы уақытына сәйкес жарысады. Эстафетада әрбір команданың бірінші бессайысшысы гандикап жүйесіне сәйкес жарысады. Команданың екінші және үшінші бессайысшысы алдыңғы спортшы эстафетаны беру аймағында оның денесінің кез келген бір жеріне қолының ұшын тигізген уақытта жарысты бастайды.
- 2) Комбайнда барлық қатысушылар жалпы стартпен пистолет атылған немесе ұқсас белгі берілген уақытта бірге бастайды. Ең үздік бессайысшы немесе команда ең жақсы тұғырдан бастауға тиіс. Одан әрі бессайысшылар өздерінің рейтингтеріне байланысты орналасады.

1.19.6. Ұйымдастыру комитеті техникалық жиналыста семсерлесу мен жүзудегі старттық хаттамаларды ресми жариялауға тиіс. Атпен салт жүру басталар алдында Ұйымдастыру комитеті барлық қатысатын Ұлттық Федерацияларды атпен салт жүруге арналған старттық хаттамалармен таныстыруға тиіс. Комбайндағы старттық хаттамалар бірінші спортшының жоспарланған стартына 30 минут қалғанда берілуге тиіс.

1.20. Жарыстардың нәтижелері

1.20.1. Спортшылардың финалдық орындары әрбір түрден кейін беріліп отыратын қазіргі бессайыстың ұпайлар санымен айқындалады. Комбайнда фиништан бірінші өткен спортшы жеңімпаз болып есептеледі. Егер жеңімпаздың ұпай саны оның соңынан келген спортшының ұпайынан аз болса, қазіргі бессайыстың ұпайлары олардың ұпай сандары теңесетіндей берілуге тиіс.

1.20.2. Жалпы есебі бірдей немесе финиш сызығынан кім бірінші өткенін анықтау мүмкін болмаған жағдайда, барлық бес түрден бірінші орындары көп спортшы немесе команда жеңімпаз болып есептеледі. Егер осы жағдайда да барлығы тең болса, онда комбайнда жеңген бессайысшы немесе команда жеңімпаз болып саналады.

1.20.3. Команданың үш мүшесімен жиналған ұпайлардың жалпы саны командалық классификациядағы орнын айқындайды. Команданың үш мүшесімен жиналған ұпайлар финалға классификацияға шыққан әрбір спортшы үшін ең жоғары көрсеткіш болатындай тәсілмен есептелінеді. Жеңімпаз команда немесе ең үздік орындарды иеленетін команда ол әрқашан ең көп ұпай саны бар команда.

1.20.4. Финалдық нәтижелері бар хаттамалар жарыстың соңында жасалады. Финалға өтпеген спортшылар финалға классификацияда жинаған қазіргі бессайыстың ұпайлар санымен классификациядан өтеді. Ұйымдастырушы комитет барлық қатысушы Ұлттық Федерациялар мен UIPM делегаттарына олар кетер алдында хаттамаларды таратуға тиіс.

1.20.5. UIPM әлем чемпионаттарында жеке есепте бірінші орын алған әрбір спортшыға және эстафетада бірінші орын алған команданың әрбір мүшесіне алынған медальдер табыс етіледі, ал екінші орынға – күміс медальдар, үшінші орынға – қола медальдар табыс етіледі. Әлем кубогының финалында да спортшыларды осылайша марапаттайды, онда алты үздік спортшыға ақшалай марапат, медальдар, сондай-ақ UIPM төленген ленталар міндетті түрде беріледі.

1.21. Классификацияның әлемдік жүйесіндегі рейтингтердің критерийі (ӘРК)

1.21.1. Рейтингтік классификацияның әлемдік жүйесі бессайысшы спортшылардың рейтингін айқындайтын ресми тізім болып табылады. Оған спортшылардың соңғы 12 ай ішінде өткізілген UIPM ресми жарыстарында иеленген үздік үш орындарында жинақтаған ұпайлары енгізіледі. Әрбір спортшы ӘРК ұпайларының кестесінде көрсетілгендей ұпайды жарыстардың деңгейіне және оның финалдық орнына сәйкес алады.

Қазіргі бессайыс рейтингінің әлемдік жүйесі
Ұпайлар кестесі
Финалистер

Место	Уровень соревнований			
	1	2	3	4
1	80	60	40	20
2	75	55	36	17
3	70	51	33	15
4	66	48	31	13
5	63	46	29	11
6	60	44	27	10
7	58	42	25	9
8	56	40	23	8
9	54	39	22	7
10	52	38	21	6
11	50	37	20	5
12	48	36	19	4
13	46	35	18	3
14	44	34	17	2
15	42	33	16	1
16	40	32	15	1
17	39	31	14	1

18	38	30	13	1
19	37	29	12	1
20	36	28	11	1
21	35	27	10	1
22	34	26	9	1
23	33	25	8	1
24	32	24	7	1
25	31	23	6	1
26	30	22	5	1
27	29	21	4	1
28	28	20	3	1
29	27	19	2	1
30	26	18	1	1
31	25	17	1	1
32	24	16	1	1
33	23	15	1	1
34	22	14	1	1
35	21	13	1	1
36	20	12	1	1
37	19	11	1	1
38	18	10	1	1
39	17	9	1	1
40	16	8	1	1
41/42/43...	15/14/13...	7/6/5...	1/1/1...	1/1/1...

1.21.2. UIPM жарыстарының деңгейлері

Классификацияның әлемдік рейтингін бекіту мақсатында, UIPM жарыстары төрт деңгейге бөлінеді:

- 1-деңгей: Олимпиада ойындары, әлем чемпионаттары,
Әлем кубогының финалы.
- 2-деңгей: 2- деңгейдің критерийлеріне сәйкес келетін құрлықтық чемпионаттар,
Әлем кубогының жарыстары, SISM әлем чемпионаттары.
- 3-деңгей: 3- деңгейдің критерийлеріне сәйкес келетін аймақтық чемпионаттар және халықаралық рейтингтік жарыстар.
2- деңгейдің критерийлеріне сәйкес келмейтін Құрлықтық чемпионаттар, Әлем кубогының жарыстары, SISM әлем чемпионаттары.
- 4-деңгей: 3- деңгейдің критерийлеріне сәйкес келмейтін құрлықтық чемпионаттар, Әлем кубогының жарыстары, SISM әлем чемпионаттары, аймақтық чемпионаттар және халықаралық рейтингтік жарыстар.

Жарыстың деңгейін анықтау критерийлері

2-деңгей			3-деңгей			4-деңгей		
Еуропа	Басқа құрлықтар		Еуропа	Басқа құрлықтар		Еуропа	Басқа құрлықтар	

Nat	A.	%	Nat	A.	%	Nat	A.	%	Nat	A.	%	Nat	A.	%	Nat	A.	%
10	3	30%	8	2	15%	8	2	20%	6	2	10%	6	1	5%	4	1	0%
	2			6			4			0			8			6	
8	3	30%	6	2	15%	6	2	20%	4	1	10%	4	1	5%	3	1	0%
	0			0			0			6			6			2	

1-қатар-ерлер, 2-қатар-әйелдер

Nat-ұлттардың саны: барлық бес түрде қатысатын кемінде бір бессайысшысы болатын елдер есептеледі.

A- бессайысшылар саны: барлық бес түрге қатысып кемінде ерлер-4000 ұпай, әйелдер-3500 ұпай нәтиже көрсеткен бессайысшылар ғана саналады.

%- бессайыстың ағымдағы әлемдік рейтингінің жүздігіндегі бессайысшылар пайызын білдіреді.

Әлемдік рейтингтік классификация жүйесіндегі ұпайлар санының тең болуы

Әлемдік рейтингтік классификация жүйесінде егер екі немесе одан артық спортшы тең ұпайлар жинаса, онда UIPM олардың ішінен ең үздігін анықтаудың арнайы ережелерін әзірледі:

- Егер ӘРК-ның ұпайлар саны тең болса, онда әлем чемпионаттарының финалында ӘРК ең көп ұпайын жинаған спортшы алда болады;
- Егер ӘРК-ның ұпайлар саны әлі де тең болса, қарсыласына қарағанда әлем чемпионаттарының біліктіліктерінде неғұрлым жоғары орындар алған спортшы алда болады.
- Егер ӘРК-ның ұпайлар саны осыдан кейін де тең болса, онда ең үздік нәтиже есепке алынады, соңғы әлем чемпионаттарындағы ӘР ұпайлары.
- Егер теңдік әлі де сақталса, онда соңғы 12 ай ішінде жарыстардың көбіне қатысқан спортшы алда болады.

1.21.3. Әлем кубогына қатысушы спортшылардың рейтингтік тізімі

- 1) Әлем кубогының рейтингтік парағы Әлем кубогының әрбір жарысынан кейін ӘРК ұпайларын қосып отыру жолымен жасалады және әрбір Әлем кубогының кезеңінен кейін жарияланады. Әлем кубогының әрбір жарысында барлық қатысушылар олар иеленген орынға сәйкес ұпайлар алады.
- 2) Әлем кубогына арналған ұпайларды есептеу кестесі әлемдік рейтингтік классификациянікіндей болады.
- 3) Әлем кубогының финалына қатысуға 33 үздік спортшы жіберіледі. Үздік спортшылар Әлем кубогының кезеңдеріндегі үш үздік көрсеткіштерінің сомасы бойынша анықталады. Егер спортшыда үш нәтижеден кем болса, онда ол бір немесе екі жарыс бойынша жинақталған ұпайлардың жалпы санына сәйкес орынды иеленеді. Егер ұпайлар саны тең болса, Ереженің 1.21.2-тармағы қолданылады, ол арқылы Әлем кубогы жарыстарының ұпайлары емес, төмен деңгейдегі жарыстардың ұпайлары саналады. Іс жүзіндегі әлем чемпионы, немесе олимпиада жылында олимпиада чемпионы және ұйымдастырушы елдің екі спортшысы, егер олар біліктіліктен өтпесе де, соңғы үш тұғырды алады. Егер спортшы Әлем кубогының финалына қатыспаса, онда оны Әлем кубогының рейтингтік тізімінде келесі тұғырда тұрған спортшымен алмастырады.
- 4) Әлем кубогының қорытынды классификациясы Әлем кубогының финалының нәтижелеріне сәйкес жасалады. Қазіргі бессайыстан Әлем кубогының финалында ұпайлардың ең жоғары көрсеткіші бар спортшыға «Қазіргі бессайыс бойынша Әлем кубогының жеңімпазы» атағы беріледі.

1.22. Спортшылардың, ресми тұлғалардың, Ұлттық Федерациялардың және олардың мүшелерінің, сондай-ақ Ұйымдастыру комитеті мүшелерінің міндеттері

1.22.1 Декларациялар

UIPM жарыстарында спортшылар, сондай-ақ командалардың ресми тұлғалары және Ұйымдастыру комитетінің мүшелері UIPM жарғысына және ережесіне бағынуға тиіс және «адал ойын» («fair play») қағидатын сыйлауға тиіс. Спортшылар, команданың ресми тұлғалары сияқты, спортшылардың және ресми тұлғалардың міндеттемелері туралы UIPM декларациясына және UIPM төрелік сотын мойындауға байланысты UIPM декларациясына қол қоюға тиіс. Екі декларацияны да UIPM штаб-квартирасы дайындайды. UIPM демеушілік бағдарламасы шеңберінде құрал-жабдықты тегін алатын спортшылар мен командалардың ресми тұлғалары маркетинг жөніндегі декларацияға қол қоюға тиіс.

1.22.2. Киім

Спортшылар әрбір түрге арналған ережеге сәйкес киім мен құрал-жабдықты алуға тиіс. Комбайнда спортшы старттық нөмірді жақсы көрінетіндей тағуға тиіс, ал басқа түрлерде Ұйымдастыру комитеті белгілегендей. Ресми тұлғалар тиісті деңгейде, кемінде Ұлттық Федерацияның жаттығу костюміне киінуге тиіс. Эстафеталық команданың мүшелері нысаны және түрі бойынша ұқсас киімде болуға тиіс, тек жүзу есепке алынбайды. Спортшыларға кір киімде немесе басқа Ұлттық Федерацияға тиісті бірдей белгісі, туы, төсбелгісі, елі мен қаласының атауы бар киімді киюге тыйым салынады. Дұрыс киінбеген спортшылар немесе ресми тұлғалар жазалауға немесе тәртіптік шараға тартылады.

1.22.3. Медициналық талаптар/допинг-бақылау

Спортшылар UIPM медициналық ережесіне сәйкес допинг-бақылаудан өтуге және анализға қан тапсыруға тиіс.

1.22.4. Сақтандыру

Барлық Ұлттық Федерациялар олардың спортшылары мен ресми өкілдері UIPM ережесі бойынша ұйымдастырылған кез келген жарыстың

уақытындағы жазатайым оқиғалардан немесе науқастанудан сақтандырылғанын анықтауға тиіс. Не Халықаралық жарыстарды ұйымдастырушылар да, не UIPM де жарысқа келген делегацияның кез келген мүшесінің жарақаттанғаны немесе науқастанғаны үшін жауаптылықта (қаржылай, қандай да бір басқа) болмайды.

1.22.5 Жарыстардың барлық алаңдарында темекі шегуге тыйым салынады.

1.23. Жазалау, тәртіптік жазалар және тәртіптік шаралар

1.23.1. Жазалау

Спортшының UIPM жарыстарының ережесінде баяндалған ойын ережелерін бұзуы жазалауға әкеп соғады. Әрбір түрдің ережесімен тәртіпсіздіктің түрі және осы тәртіпсіздікті жасаған спортшыны жазалау нұсқасы анықталған. Спортшыға ескерту, стартқа қатысуға тыйым салу, ұпай мен уақытын алып тастау, жарыстан алып тастау және дисквалификация қолданылуы мүмкін. Осы шаралар жүлдені және жүлде ақшаны және/ немесе құрал-жабдықты алып қою сияқты жазамен жалғасуы мүмкін. Әрбір түр үшін Ережеде тізбектелген жағдайлардан басқа спортшы киіміндегі әрбір қате бөлігі үшін қазіргі бессайыстың 20 ұпайын шегерумен жазаланады.

1) Жарыстан алып тастау

Жарыстан алып тастау – (семсерлесуде сонымен қатар семсерлесуден жарыстан шығарып тастау) ойын ережесіне қатысты байқаусызда жасалған күрделі қате үшін жазалау. Бұл бессайыстың қандай да бір түрінен алынып тасталған спортшы осы түрден ноль ұпай алады, бірақ басқа түрден жарысқа қатысуға құқығы болады деген сөз.

2) Дисквалификация

Дисквалификация- бұл ойынның ережелерін қасақана бұзу немесе қасақана бұзуға әрекеті үшін жазалау. Спорттың бір түрінен дисквалификацияланған спортшының UIPM осы жарысының келесі түрлеріне қатысуға құқығы жоқ.

3) Жазалау туралы шешімдер

Осы түрдің Ережесіне сәйкес құзыретті органдардың жазалау туралы шешімдері, егер осы шешімдер бойынша ауызша арыз, наразылық түспесе, түпкілікті болып табылады. Мұндай жағдайларда ешқандай қарау болмайды. Құзыретті органдар бірден спортшыға, оның

командасының өкіліне немесе іске қатысы бар басқа адамға жазалауды жариялайды және ресми тіркелген жазалаудың түрімен, себебімен таныстырады.

4) Ауызша арыздар

Егер спортшы немесе іске қатысы бар басқа адам құзыретті органдардың шешімін әділетсіз деп жорамалдаса, олар тиісті түрдің Директорына ауызша түрде арыздана алады. Ауызша арыз- спортшы немесе команданың ресми тұлғасының жарыстың ресми тұлғасының іс-әрекетіне наразылығын ауызша білдіруі.

5) Наразылықтар

- Ауызша арыз бойынша шешім апелляциялық қазылар алқасы қарайтын наразылықтың мәні болып табылады. Наразылық жарыстың қазылар алқасы қабылдаған шешімге келіспеушілік білдіру. Тиісті тармаққа жататын барлық наразылықтар шешім қабылданған соң 15 минуттың ішінде ағылшын тілінде берілуге тиіс.
- Наразылықты ауызша беруге болады, егер ол жарыс бағдарламасының келесі түріндегі спортшының старттық орнына әсер ететін алдыңғы түрдегі UIPM жарысының ережесін бұзуға немесе нәтижесіндегі қателікке жататын болса. Мұндай наразылық келесі түрдің жарысы басталғанға дейін кемінде 20 минут бұрын;
- Барлық наразылықтармен бірге 75 USD немесе айырбасталған валютадағы осындай сомадағы жарнаны қоса беру қажет. Наразылықты қанағаттандырған жағдайда, осы сома наразылық берген адамға қайтарылады, ал наразылық қабылданбаса бұл сома ШРМ-де қалады.

6) Апелляциялар

Жарыстың қазылар алқасының түрдің ережесіне және UIPM тәртіптік ережесіне сәйкес тәртіптік жазалау немесе тәртіптік шараға сәйкес қабылдаған дисквалификация туралы шешімі апелляциялық қазылар алқасы қарайтын апелляцияның мәні болып табылады. Апелляция жарияланғаннан кейін он бес минуттың ішінде жазбаша нысанда ағылшын тілінде берілуге тиіс. Бұл ретте ешқандай жарна талап етілмейді.

1.23.2. Тәртіптік жазалаулар

Спортшылар «адал ойын» («fair play») қағидатын, UIPM жарғысын, UIPM ішкі ұйымдастыру ережесін, ШРМ ішкі ережесін, UIPM басқа ережелерін және UIPM органдарының резолюцияларын бұзған жағдайлар, сондай-ақ спортқа ерсі тәртіп тәртіптік жазалауға әкеп соғады. UIPM тәртіптік ережесімен тәртіпсіздіктің түрі және тәртіптік жазалау үшін алғышарттар, сондай-ақ осы жазалаудың нұсқалары анықталған. Спортшыға тәртіптің жазалаудың мына трлері қолданылуы мүмкін: сөгіс, дисквалификация, айыппұл, жарысқа қатысудан шеттету, жарысқа қатысуға тыйым салы және шығарып тастау. Бұл шаралар жүлдені және жүлделі ақшаны алып қою және/немесе мүлікті тәркілеумен жалғасуы мүмкін.

1.23.3. Тәртіптік шаралар

Егер жаттықтырушылар, ресми тұлғалар, UIPM қызмет көрсететін тұлғалары, UIPM комитетінің мүшелері және көрермендер «адал ойын» («fair play») қағидатын, UIPM жарғысын, UIPM ішкі ұйымдастыру ережесін, ШРМ ішкі ережесін, UIPM басқа ережелерін және UIPM органдарының резолюцияларын бұзған жағдайлар, сондай-ақ спортқа ерсі тәртіп тәртіптік шараларға әкеп соғады. Тәртіптік шаралардың мынадай түрлері бар: сөгіс, жарысқа қатысуға тыйым салу, лауазымынан түсіру немесе шығарып тастау. UIPM тәртіптік ережесімен тәртіпсіздіктің түрі және тәртіптік шаралар үшін алғышарттар, сондай-ақ осы жазалаудың нұсқалары анықталған. Бұл шараларды қабылдағанда мүлікті тәркілеу де қолданылуы мүмкін.

1-қосымша: Қоссайыс бойынша әлемдік мектеп чемпионаты Жарыс форматы.

Жарыс екі жеке түрден тұрады – жүзу және жүгіру. Жүзу 25 немесе 50 метрлік бассейнде өтеді, ал жүгіруді стандартталған бағдарда өткізеді (бірақ қауіпсіздіктің алдын алу шаралары қабылданса, оны тегіс жазықтықта да өткізуге болады, егер қашықтық дұрыс болса ғана). Спортшының жүзуінің және жүгіруінің уақыты бессайыстың уақытына ауыстырылады. Екі түрден жинаған ұпайлардың сомасы финалдық нәтиже болып саналады.

Жас ерекшелігі тобы	Туылған жылы (2009)	Жүзу	Жүгіру
E8 кадеттер	2001	50	500
E9 кадеттер	2000	50	500
E10 кадеттер	1999	50	500
D кадеттер	1997-1998	100	1000
C кадеттер	1995-1996	100	1000
B кадеттер	1993-1994	100	1000
A кадеттер	1991-1992	100	1000

Жүзу: 50 метр қашықтықтағы 40мин.- 1000 ұпаймен марапатталады. Әрбір 0,33 мин. асса немесе одан төмен болса, 12 ұпай.

Жүзде 100 метр қашықтықтағы 1,14 мин уақыт 1000 ұпаймен марапатталады. Әрбір 0,33 мин. асса немесе одан төмен болса, 8 ұпай.

Жүгіру: 500 метр қашықтықтағы 2,30 мин уақыт 1000 ұпаймен марапатталады. Осыдан жоғары немесе төмен әрбір секунд 12 ұпай тұрады. 1000 метр қашықтықтағы 4,00 мин уақыт 1000 ұпаймен марапатталады. Осыдан жоғары немесе төмен әрбір секунд 8 ұпай тұрады.

Жүзу бірінші өтеді, ал жүгіру жалпы стартпен басталады.

Әрбір ұлт 1 қаңтардан бастап 31 қазанға дейін UIPM нәтижелерді тапсыруға тиіс. UIPM осы деректерді UIPM веб-сайтына жүктейді де, ағымдағы әлемдік рейтингті құрастырады.

Наградалар

Маусымның соңында ұлттық федерациялар мен қатысушылардың бір жыл ішіндегі әлемдік рейтингтегі өзінің тұғыры туралы сертификатты басып алуға мүмкіндігі болады.

UIPM ұлттық федерациялар арқылы әрбір санаттағы үш үздік атлетті медальдармен марапаттайды.

UIPM 500 және одан артық қатысушыларды тіркейтін ұлттық федерацияларға арнайы ризашылығын білдіреді.